

Жаңақорған ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 273 қаулысы

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына және "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 16 қарашада № 7297 болып тіркелген) сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңақорған ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақорған ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

М. Тлеумбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Жаңақорған аудандық мәслихатының

төрағасы _____ Ф. Сопбеков

"15" тамыздағы 2023 жыл

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

2023 жылғы "15" тамыздағы

№ 273 қаулысына қосымша

Жаңақорған ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері

№	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары	Тарифтік бағасы (теңге)
1	Жаңақорған кенті – Құттықожа – Шалқия кенті	250
2	Жаңақорған кенті – Билібай – Байкенже ауылы	300
3	Жаңақорған кенті – Жаңарық – Әбдіғаппар ауылы	200
4	Жаңақорған кенті – Түгіскен – Келінтөбе – Қаратөбе – Қандөз ауылы	400

5	Жаңақорған кенті – Жайылма ауылы	200
6	Жаңақорған кенті – Кейден ауылы	100
7	Жаңақорған кенті – Жаманбай батыр ауылы	400
8	Жаңақорған кенті – Қыраш – Қосүйеңкі ауылы	300
9	Жаңақорған кенті – Сүттіқұдық – Қожамберді – Төменарық ауылы	300
10	Қорғантоғай – Саяжай (кентішілік)	80
11	Жаңауыл – МАИ бекеті (кентішілік)	80
12	Алтынсарин – Ипподром (кентішілік)	80
13	Жаңақорған кентінің маршруттары (7 -15 жасқа дейінгі балалар үшін)	40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК